



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНУ

Бектемисова Айгерим Айтбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №2 мектеп – лицейі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: serikova_999@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасы, педагогикалық идеясы туралы жалпылама айтылады. Сонымен қатар жаңартылған оқу бағдарламасында қолданылуы мен іске асырылуы түсіндірілген. Мақала соңғы кезде жазылған ғылыми еңбектерге негізделіп жазылған. Ұлт ұстазының педагогикалық идеясы өміршең екендігі жан – жақты қарастырылған.

Түйінді сөздер: Ағартушы, педагогика, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оқыту үдерісі.

Аннотация

В статье обобщено о творческом наследии, педагогической идее Ибрая Алтынсарина. Также в обновленной учебной программе разъяснены применение и реализация. Статья написана на основе научных трудов, написанных в последнее время. Всесторонне предусмотрено, что педагогическая идея учителя нации является жизнеспособной.

Ключевые слова: Просветитель, педагогика, обновленная образовательная программа, дидактика.

Abstract

The article generalizes about the creative heritage, pedagogical idea of Ybyrai Altynsarin. It also explains the use and implementation of the updated curriculum. The article is based on recent scientific works. It is comprehensively considered that the pedagogical idea of the teacher of the nation is viable.

Key words: Educator, pedagogy, updated educational program, learning process.

Қазақстан Республикасының білім беру саласында көптеген өзгерістер енгені баршамызға мәлім. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде дәстүрлі оқуды тастап, мүлде басқа деңгейге өттік. Оқу мақсаты бірінші кезекте алға шығып, оқулық ресурс ретінде ғана белгіленді. Сол себепті осы өзгерістер кезінде қазақ халқының ерекшелігін ескеру, саралап, даралап оқыту барысы қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Сол кезде біздің басты бағдар етіп алар ағартушыларымыздың педагогикалық мұраларының маңызы айрықша екенін айтпасымызға болмайды. Соның ішінде ең алғаш мектеп ашып, білім мен ғылымды насихаттап, оқулық жазып, ұлт ұстазы атанған Ыбырай Алтынсариннің алар орны айрықша.

Ы.Алтынсарин орыс ағартушыларының педагогикасын қазақ мектебіне әкелді. Сол елдің педагогикалық көзқарастарымен оқытып, тұңғыш пәндік жаңа сипатты мектептер ашып, оқулықтар жазды. «Қазақ хрестоматиясы» – соның нәтижесі. Ал, бұл еңбекті жазуына, педагогикалық көзқарасының қалыптасуына орыс достарының тікелей ықпалы бар. Орыс достары деп В.В.Григорьевті, Н.И.Ильминскийді, Я.П.Яковлевті айтса болады. Бірақ бұлардың арасында Ыбырайды дос тұтып, сол арқылы қазақ халқын орыстандыруға әрекет еткен миссионерлер болғанын айту керек. Қазақ балаларын орысша сауатты болғанын, сол арқылы басқа пәндерді тез игеріп кететін түсінген. Бұл туралы өзі де: «Орыс тілінің грамматикасымен қазақ оқушылары мектепке кірген жылынан бастап, орыс сөздерін үйрене бастағанда – ақ таныса бастайды; орыс тілі оларға әуелі мен құрастырған «Оқу құралым» бойынша, кейін Ушинскийдің немесе Кирпичниковтың грамматикалары бойынша үйретіледі. Бұл арада тағы бір айта кететінім: бұратана елдердің балаларына тарих, география, жаратылыстану сияқты пәндерді оқытатын оқу құралдар таңдап алу, менің ойымша, бұратаналар оқуымен шұғылданатын адамдардың қай – қайсысына да қиыншылық келтіретін мәселе ... менің ойымша, оқу құралдарын мұғалімдермен және басқа білетін адамдармен күн ілгері сөйлесіп, таңдап алу керек сияқты, өйтпейінше оқыту және жалпы оқу жұмысын белгілі бір жүйеге салуға болмайды, ал белгілі бір жүйеге салынбаса, онда ісіміз ойдағыдай болып шықпайды» [1, б. 206.], – деп жазған болатын.

Жалпы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасы туралы айтар кезде жалпылама қарастырған жөн. Өйткені, ағартушы тұлға – қазақ халқының тағдырына өзгеріс енгізген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин шығармасының негізгі идеясы – адамның өзара қарым – қатынасы, еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жинаған бай тәжірибесін негізге алу қажет деп білген. Оның танымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болған. Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену, талпыну, адамды сыйлауға үгіттеледі.

«Бір Алпаға сыйынып Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге, Ықыласпен тоқылық!» – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер,

ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. [2, б. 4]

Қазіргі таңда мектептегі жаңартылған оқу бағдарламасы қалай жасалады, кімдердің еңбектерін басшылыққа алады? Осы мәселе бойынша қарастырған кезде, алысқа ұзамай 2020–2021 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатқа зер салайықшы: «Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған. Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;

2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;

3) тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым – қатынас мәдениетін бейімдеп, құзиреттіліктер қалыптастыруға бұру;

4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту». [3; б. 108–109]

Осы арада оқу мақсаты туралы шағын ғана ақпарат бере кетсек. Оқу мақсаты – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым. Оқу мақсаты – оқушы бойында үлкен өмірге қажетті болып табылатын дағдылар мен құндылықтардың жиынтығын талап ететін бағдарламаның бірден – бір негізгі бөлігі. Оқу мақсаты да пәннің оқытылу ерекшелігіне орай оқушы бойына қажетті болып табылатын дағдыларға да айрықша бөлінетін болып келетін топтастырылған спиральді жүйе екендігін де ескерген жөн. Мысалы, мемлекеттік тілде оқытылатын білім беру ұйымдарында оқу мақсаты күрделі келетін пәндердің бірі – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті. Оқу мақсатының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа жүйелі, сындарлы, өсім түрінде әр сыныпқа бөлек белгіленген. Әр сыныптағы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің ескерілуімен дағды бойынша оқу мақсатының мазмұны да өзгеріп отырады.

Ал енді осы арада қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасына Ыбырай мұрасын қалай қолданамыз деген сауал туындайды. Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің негізгі мақсаты, міндеттері қандай? 2022–2023 жылғы әдістемелік нұсқау хатты бұл туралы не делінген? «Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай – ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік – эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру». [4, б. 110] Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті алға қойған мақсаттарына қалай жетеді? Әрине, ұлы тұлғалардың шығармаларын, оның ішіне Ыбырай Алтынсаринде кіреді, оқыту арқылы. Сол себепті жаңартылған оқу бағдарламасының талаптарына ұлт ұстазының мұрасы сайма – сай келіп тұр.

Мәселен, 5–сыныптың қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасына Ыбырай Алтынсариннің шығармалары енген. Атап айтар болсақ, «Атымтай Жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсең табылады» деген әңгімелері. Бас – аяғы 10 сағат берілген. Ал, оқу мақсаттарына 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау деген оқу мақсаттары берілген. Енді осы шығарманың мазмұнын ашу үшін сұрақтар қойған жөн және кейіпкерлер іс – әрекетін талдау қажет. Кейіпкер образы арқылы салыстыра суреттей алады. Сондай – ақ ұлт ұстазының туындыларын оқыту арқылы оқушылардың оқуға деген ықыласын, шығармашылық қырын, адами қасиеттерін дамытумен бірге, іскерлік қабілеттерін арттыруға мүмкіншілігі зор деуге болады.

Ыбырай Алтынсариннің өзге де шығармаларын мектеп оқулығына енгізсе құба – құп. Әрқайсысында тәрбиелік мәні зор тәлім алар оқиғалар бар. Оқушы тәрбиесінде Ыбырай шығармаларының алар орны ерекше. Өйткені ол өз заманының беталысын, бұлыңғыр болашағын дөп басып танып, көз жұма алмады, қазақ халқының өмір сүру салтын түбегейлі өзгертуде білім ғана емес еңбек пен отбасы тәрбиесін қатарласа жүргізу керектігіне баса назар аударғаны көрінеді. Шығармаларының түпнұсқасы қарапайым халықтың шынайы күнделікті өмірінен алынған. Қандй әңгімесінде болмасын қарапайым халық өкілдерінің адалдығы мен қайырылымдығы, еңбек сүйгіштігі, оқушыларды тәрбиелеудегі басты нысанасына айналды. Осы жағымды кейіпкерлерге қарама қарсы

жағымсыз кейіпкелерден жиренуді, жамандық атаулыдан аулақ болып өсуді жеткіншектердің санасына құйуға тырысты.

Мектептің оқу бағдарламасына енген кез келген шығармасын алсаңыз оқушының ой – санасын оятып тұған елін сүюге, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптасуына үйретіп, өмір танырлайқтай ой тастайды. Бастауыш сынып оқулығына «Ананың сүйюі» деген өлеңі бала жанын тебіренгізіп, ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ананы сыйлай білген оның қадыр – қасиетін түсінген бала, басқаның да қадыр – қасиетін өз ата – анасындай құрметтей алатын болып өседі деген тұжырымды білдіреді. Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген қай саласын да Ы.Алтынсарин еңбектерінен табуға болады. Біршама әңгімелерінде еңбекті жағаша құру, базарға бейімдеу, оның құндылығын арттыруды көздейді. «Білгеннің пайдасы» деген әңгімесінде бір бала шеге істеу кәсібін үйреніп, шаруасын жаңаша құрады. Ыбырайдың этика, мінез – құлық, әдептілік, достық идеясына байланысты әңгімелері де көп. Мысалы: «Қарға мен құрт» әңгімесінде нашарға, әлсізге қиянат жасамау идеясы айтылған. Мұндағы құрт – әрекетшіл, айлалы бейне. «Жаман жолдас», «Ақымақ дос» дейтін әңгімелерінде жалғандықты, олақтықты мінейді. Біраз әңгімелерінде отбасындағы достық, ата – ана мен бала арасындағы махабатты үндейді. Ыбырай оқулықтарына енгізілген «Ұят кімде болса, иман сонда болады», «Алтын алма, ақыл ал», «Өнерлі өлмес, өнерсіз күн көрмес», «Оқу түбі тоқу», «Қайырымсыз болса, ханнан без, өткілсіз болса судан без, асусыз болса таудан без, пайдасыз болса, байдан без, панасыз болса, сайдан без», «Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес», «Жүйрік атқа мінген, құдайды ұмытар» сияқты асыл сөздерінен бүгінгі жастардың ғибрат алары анық. Ыбырай шығармалары оқиға желісін шындық өмірден алады да өмірдің ұсақ – түйек бөлшегі болып көрінетін, басқа жұртқа елеусіз нәрселерді шығарманың арқауы етеді. Әңгімелері де, өлеңдері де ықшам, көлімі шағын аз сөзбен көп мағынаны білдіреді. Ыбырайдың жазушылық шеберлігі – қарапайым сөздермен өз ойын оқушыларына бейнелі, айқын, мәнері етіп жеткізуінде деуге болады. Ыбырай Алтынсарин: «Балаларға білім мен тәрбие беру ісінде маңызды рөл атқаратын мұғалім» деп баса талап қояды.

Мәселен, ағартушының «Мейірімді бала» әңгімесін алайық. Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалады. Мұны көрген Сейіт жылауын дереу тоқтатып, сынықшы аяғын орнына салып таңған кездің өзінде ер жігітше қық етпей шыдағанына таң қалған сынықшы: – аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? – деп сұрайды. Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырайды: – Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, – дейді.

Сейіт өз қатесін түсініп онсызда «Сенің табаныңа кірген тікен, менің маңдайыма кірсін» деп жүрген анасының жүрегін ауыртқысы келмей, неге болса да нар тәуекел деп шыдап бақты. Ішінен: «анашым сәл шыда өсуіме аз қалды» дегенді жан жүрегімен білдірді. Сейіттің бұл әрекетінен екі нәрсені аңғаруға болады: алғашқысы балалықпен қоштасып есейудің басы екендігі болса, ал соңғысы тоғыз ай, тоғыз күн тар құрсағында көтеріп өмір сыйлаған анасына деген айрықша құрметін көрсетеді. Ұстаз осы бір әңгімесінде ана мен баланың арасындағы адами қасиеттердің жоғарғы деңгейде дамығанын психологиялық тұрғыда әдемі жеткізгенін көреміз. [5, б. 48]

«Лұқпан әкім» әңгімесінде адамның ішкі дүние танымы, жан дүниесі туралы баяндайды. «Қашанда бір істі бастағыңыз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, содан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, одан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып маққұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз» деп, адамның ақыл – ой, парасаттылығына ішкі жан дүниесі түйсіну, көру, сезіну процестеріне жүгіну керектігін айтады.

Ы.Алтынсариннің адам бойында адамгершілік қасиетті жетілдіруге, әсіресе жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар – намыс тағы басқа тақырыптарды қамтитын шығармаларының сюжеті мен кейіпкерлердің мінез – құлқы мен іс – әрекеттері оқырманына әсер етпей қоймайды. Тек бейтарап оқып қоймай, белсенді оқуды ұйымдастыру арқылы талқылаудан өткізу, зерттеушілік сұрақтар ұсыну немесе мәтіннің ішінен негізгі ойды тапқызып, талқылау маңызды. Мысалы, «Атымтай Жомарт» әңгімесіндегі кейіпкердің іс әрекеті арқылы жастарға әсер ету үшін бай бола тұра жасаған әрекеттерінің себептерін суреттейтін жолдарына назар аударту үшін әңгіме мәтініне назар аударту жөн. Ы.Алтынсариннің жас жеткіншектерді еңбекке шақыратын келесі бір шығармасы – «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі. Атасы он жасар баласына ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендерін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді: «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жасауға әдеттену керек, – деген атасы баласын кішкентайынан еңбекке баули түседі. Өмірдің мәні еңбекте екенін кішкентай жәндіктердің іс – әрекеттері арқылы дәлелдей түседі, жай ғана сөзбен емес, олардың әрекеттерін мысалға ала отырып, нақтылай түседі. Ы.Алтынсариннің тағы бір тәлімі мол шығармасы – «Қанағат». Мұнда бір жұт (еврей) келіп Өзірет Өліден толық байлық қайтсе табылады деп сұрағанда: «Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса, қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды; қанша мал аз да болса барына қанағат ете білсе,

бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады, соның үшін байлық – қанағатта», – деген еді. Мұнда тек дүние байлығы туралы айтылып тұрған жоқ, кез келген жетістікке, табысқа жету үшін қолыңда барды қадірлеп, азға қанағат ете білу керек. Білім алуға да ізденісінді дамытып, алғаныңды бойыңа сіңіріп, қорытып, өміріңе пайдалана білсең, үлкен ілім иесіне айналасың. Еңбекті сүю және қадірлеу – әңгімелерінің басты тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ақын шығармаларында адал еңбектің ғана қоғамды алға бастыратынына баса назар аударады. Ұлт ағартушысының шығармалары «елді ел, адамды адам ететін еңбек» деген тұжырымға негізделеді. Өмірдің барлық мәні де, байлығы да еңбек деген қорытынды шығаруға болады. Олай болса, жақсы өмір сүру үшін, еңбектену керек. Ізденіп, білім алу керек. Білім алу, оқу жолында мал аямау керек. Алған білімнің арқасында адал еңбектену қажет. Өйткені, әрқашан адал еңбекпен тапқан мал да, дәулет те тұрақты болмақ. Сонымен бірге адал еңбектенген адамның бойында мейірімділік, қамқорлық, адалдық, жауапкершілік секілді адамгершілік қасиеттердің қалыптасары анық.

Бұл әңгімелерінің барлығы да «Қазақ хрестоматиясына» орай жазылған. Осы еңбекке енген әңгімелердің барлығын өзі жазып шыққан болатын. Ы.Алтынсарин құрастырған алғашқы оқулық «Қазақ хрестоматиясы» белгілі орыс педагогтері К.Д.Ушинский мен И.И.Паульсонның хрестоматиясы үлгісінде жасалды. «Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен: I бөлім: өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелерден, ертегілерден; II бөлім: қарапайым адамдар туралы әңгімелерден; III бөлім: ауыз әдебиеті нұсқаларынан, түрлі өлең – жырлардан; IV бөлім: мақал – мәтел. «Қазақ хрестоматиясына» арналған сөз басында автор: «Ең алғашқы рет туып отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның мүмкін кейбір кемшіліктері болар, бірақ ол дегенмен, ізсіз жоғалып кетпес, ең алғашқы рет оқыталайын деп отырған кітап ретінде көзделген мақсатқа дөп келер деген сеніммен өзімді – өзім жұбатып отырмын» [6, б. 3], – деп жазған еді. Ы.Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән – мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңнен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар шығарады.

Сонымен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы кез келген оқу бағдарламасының талабына сай. Әрі айтқан ойлары бүгінгі таңда да өзекті. Ы.Алтынсариннің еңбегінің қысқаша тізбектесек: Түрлі салаларда оқу орындарының ашылуы, 4 екі сыныптық Орталық орыс – қазақ училищелері; Қолөнер училищесі; Қыздар училищесі; 5 болыстық мектеп; орыс ауылдарының балаларына арналған 2 мектеп; гимназияларда, университеттерде және т.б. білім алушылар үшін стипендиялар жүйесін құру. Бұл ағартушының мектеп ашу бойынша ғана атқарған жұмыстары.

Ыбырай Алтынсарин дұрыс оқыту мен жүйелі білім беру жолдарын, оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін тынбай зерттеді. Ы.Алтынсариннің ғылыми – әдістемелік тұжырымы бойынша, оқыту әдістері – бұл балаларды сабаққа, ғылымға, өздігінен білім алуға ынтасын арттырып, сезімін оятатын құрал. Ол бірнеше оқу құралдарын, соның ішінде, орыс тілін қазақтарға үйрету туралы бастауыш құрал кітабының, мектептерге арналған оқу жоспарының, оқу пәндері бағдарламаларының авторы. Осындай талапқа сай оқулықтар мен оқу құралдарын, тиісті құжаттарды мектеп ісінде ұтымды қолдануды ұйымдастыра білген алғашқы қазақ әдіскері. Бұл еңбектердің барлығында автордың дидактикаға байланысты ой – пікірлері мен тұжырым – түйіндері айтылған десек болады. Ы.Алтынсариннің ойынша, педагогикалық жұмыста мұғалімнің оқытудың ең жақсы тәсілдерін табу және балаларды дұрыс ұстау қабілеті. Үлгілі жолға қойылған, жақсы материалдық – техникалық базасы, сауатты оқулықтары, ақылға қонымды тәртібі бар жаңа типтегі мектеп оқушыларды тартуы, оларды мәдениетке, жұмысқа, ақыл – ой жұмысына дағдыландыруы, білімге деген қызығушылығын барынша арттыруы керек. Ол алған білім мен дағдыларды ресми білім тұрғысынан емес, олардың нақты пайдасын ескере отырып қарастырды. Ыбырай Алтынсариннің мұғалімнің міндеттері – қалай оқыту керек, оқушыларға қатысты – қалай үйрену керек деген нұсқаулары оның заманауи әдістеменің ережелерін жан – жақты терең білетіндігінің куәсі. Әр түрлі техникалар, ауызша әңгімелер, ойша және жазбаша жаттығулар туралы түсініктеме бере отырып, ол балалардың кез – келген жұмысы мағынасыз жаттауға нәтижесіз жұмсалмайтынын, оның мәні мен жүйесі болатынын жазды. Ол мұғалімдерге ақыл – ой әрекетінің қарапайымнан күрделіге қарай оқытылатын әр түрлі деңгейдегі жаттығуларын балалардың қызығушылығын (аң аулау мен тілегін) ынталандыратын оқыту әдістерін қолдануды ұсынды.

Қазақтың белгілі ғалымы Бүркіт Аяған өзінің бір мақаласында: «...Ыбырайдың барлық мұралары әлі жиналып біткен жоқ және өкінішке орай, бұл саладағы жұмыс белгілі бір жоспар бойынша жүргізілмей отыр. Ыбырай мұрасын жинап, зерттеумен айналысып жүрген жекелеген ғалымдар бола тұрса да, олардың басын қосып бір бағытқа нұсқаушы ғылыми орталық жоқ деуге болады [7, б. 82]», – деп жазған болатын. Демек әлі де болса ұлы ағартушының мұрасы түгенделді деп айта алмаймыз.

Еліміздегі білім беру, оқыту мәселелерінің негізін салушы, халықтық білім беру жүйесін ұйымдастырушы, аудармашы, этнограф, аудармашы, ағартушы Ыбырай Алтынсарин екі түрлі

мәселені өзінің нақты мақсаты етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, тәрбиелеу; екіншісі – халықтың ой – санасын, бағытын, көзқарасын жаңалыққа қарай бейімдеу тәрбиелік істері. Осы екі мақсатты орындау барысында сол заманның талай қиыншылықтарына мойымай, болашаққа деген зор сеніммен алған жолдан таймады. Ыбырай Алтынсарин өмірін қазақ жастарын өнер – білім, оқуға үндеумен, үгіттеумен қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке баулуға тәрбиеледі. Оның қазақ халқының қоғамдық дамуға қабілеттілігі туралы да лайықты қорытынды жасай алуы ұлттық ерекшелігімізді терең тани білуінің нәтижесі. Ыбырайдың хаттарымен, мақалаларымен, көркем шығармаларымен тұтас танысқанда, оның сол тұстағы қазақ қоғамының экономикалық және рухани мәселелеріне байланысты көптеген жағдайларды дұрыс танып түсіне білгеніне көз жеткізе аламыз.

Қорыта айтар болсақ, ұлы тұлғаның педагогикалық ойлары әлі де өміршең. Мәселен, «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін – өзі кінәлауға тиіс» деп айтқан екен. Яғни, креативті, жаңашыл мұғалім сабақты өзі өткізіп, алайда баланың бойына білім дарыта алмаса, әуелі өзін кінәлауы қажет. Ең бірінші оқушының надан болуына мұғалім кінәлі болмақ. Және мектеп алдындағы міндеттерді мұғалім шешуі керек. Оны тек кәсіби маманға шеше алады. Және тағы бір ойы, «халық мектептері үшін ең керектісі оқушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтарды да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспектор бақылауы да оқушыларға тең келе алмайды. Сондықтан да мен оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» деген екен. Мұғалімнің мәртебесін көтерген қоғамның қазіргі ойын ағартушы әлденеше жыл бұрын айтқан еді. Сөзіміздің соңын Ыбырайдың сөзімен қорытындылар болсақ, «мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде». Үмітті ақтап, келешектің даңғыл жолын бастау – барша қазақ мұғалімінің міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары (құрастырған Б.С.Сүлейменов). Алматы, 1955 ж.
2. Ы. Алтынсарин «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003 ж.
3. 2020–2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. Нұр–Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020 ж. 422 б.
4. «2022–2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. Нұр–Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 ж. 320 б.
5. Мұқатов Н. Көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. 2013 ж. № 17 (77). 48–50 б.
6. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
7. Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы / Бас ред. Б.Аяған. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007 ж. 632 б.

ӘОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

*Бисембаева Жанат Кумаровна
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы
Нурбаева Коркем Ермековна
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
білім беру бағдарламасының 4 курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: bisembaevaz@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада Ы.Алтынсариннің мектеп кітапханаларының негізін қалаушы ретінде белсенді әрекеттері, оның білім беру қызметіне қосқан зор үлесі қарастырылды. Оның мұғалімдердің рухани өсуіне деген күнделікті қамқорлығы олардың мәдени деңгейін көтеруге және әдістемелік дайындықты жақсартуға ықпал еткендігі.

Түйінді сөздер: педагог, мектеп, ағарту, кітапхана, әдебиет.

Аннотация

В статье рассматривается активная деятельность Ы.Алтынсарина, как основателя школьных библиотек. Его огромный вклад в просветительскую деятельность. Его ежедневная забота о духовном росте учителей, способствующая повышению их культурного уровня и улучшению методической подготовки.

Ключевые слова: педагог, школа, просвещение, библиотека, литература.